

Қазақстанның далалық аймақтарындағы аграрлық жер иеленуді зерттеудің кейбір мәселелері**Некоторые вопросы изучения аграрного землепользования в степных регионах Казахстана****Some issues of the study of agricultural land use in the steppe regions of Kazakhstan**

Нұрбек Шаяхметов

т.ғ.д., Astana IT University профессоры

Нурбек Шаяхметов

д.и.н., профессор Astana IT University

Nurbek Shayakhmetov

*Doctor of History, Professor at Astana IT University***Аннотация**

Мақалада Қазақстанның далалық аймақтарында аграрлық жер иелеудің кейбір мәселелері қарастырылады. Технологиялық дамудың қарқыны күшейіп отырған заманда қоршаған табиғи ортаға антропогендік тұрғыда әсер ету мейлінше артып келеді. Сол себепті жаратылыстану ғылымдарымен бірге тарих ғылымы да табиғи ортаны пайдалану эволюциясын, аграрлық жер иелену мен шаруашылық жүйелерінің экологиясын зерделеуге тереңірек көңіл бөле бастады. Соған сәйкес бұл мәселелерді зерттеуде тарихи-географиялық әдістерді қолдану Қазақстанның далалық аймақтарында аграрлық жер иелену эволюциясы туралы, сондай-ақ, экологиялық тарихының ерекшеліктері туралы мәліметтер алуға мүмкіндік береді.

Аннотация

Данная статья посвящена к проблеме исследования аграрного землепользования в степных областях Казахстана. В период интенсивного технологического развития усиливается антропогенное воздействие на окружающую природную среду, и в связи с этим, наряду с другими учениями естествознания, исторической науке приходится все больше внимания уделять изучению эволюции природопользования, аграрного землепользования и экологии хозяйственных систем. Поэтому в изучении данного вопроса применение историко-географического метода дает представление об эволюции аграрного землепользования и об особенностях экологической истории степных регионов Казахстана.

Annotation

This article is devoted to the problem of the study of agricultural land use in the steppe regions of Kazakhstan. During the period of intensive technological development, the anthropogenic impact on the natural environment is increasing, and in this regard, along with other teachings of natural science, historical science has to pay more and more attention to the study of the evolution of nature management, agricultural land use and the ecology of economic systems. Therefore, in the study of this issue, the use of the historical-geographical method gives an idea of the evolution of agricultural land use and the peculiarities of the ecological history of the steppe regions of Kazakhstan.

Кілт сөздер: далалық аймақ, табиғи ортаны пайдалану, аграрлық жер иелену, тарихи география, экологиялық тарих

Ключевые слова: степной край, природопользование, аграрное землепользование, историческая география, экологическая история

Key words: steppe region, nature management, agricultural land use, historical geography, ecological history

Қазіргі жаһандану заманында табиғи ортаға антропогендік әсердің жылдан жылға

күшейіп бара жатқандығы белгілі. Соған байланысты жаратылыстану ілімдерімен бірге тарих ғылымында да халықтардың табиғи орта игіліктерін пайдалану және аграрлық жер иелену эволюциясы, шаруашылық жүйелерінің экологиясы сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлінуде. Қазақ жерінің ұлан - байтақ далалық аймақтары мыңдаған жылдар бойы табиғи жайылымдар ретінде игеріліп, бүгінгі күнге дейін мал шаруашылығы үшін кеңінен қолданылып келеді.

Бұл жайылымдар көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің тарихи тәжірибесінің нәтижесінде қалыптасып, осы аймақта мекендеген халықтардың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымының, экономикалық мәдениетінің ерекшеліктерін айқындады. Сондықтанда Қазақ жерінің далалық аймақтарындағы табиғи-климаттық ерекшеліктері қазақтардың жерге иелік ету формалары мен соған сәйкес көшпелі мал шаруашылығын жүргізу жүйесіне әсері туралы тарихи географиялық зерттеу жүргізу өзекті мәселеге айналып отыр. Мұндай зерттеу өз кезегінде табиғи-климаттық фактордың осы аймақтарда мекендеген халықтардың қоғамына қандай әсері болғаны туралы ғылыми болжамдар жасауға да мүмкіндік береді. Ол үшін Қазақстандағы аграрлық жер иеленудің эволюциясына терең талдау жасалуы қажет. Бірінші кезекте аграрлық жер пайдалану және иелену ұғымдарына тоқталатын болсақ, аграрлық жер пайдалану дегеніміз шаруашылық жүргізу мақсатында жерді пайдаланудың түрлері мен тәртібі; ал аграрлық жер иелену – жерге меншіктік тұрғыда (жеке меншік, қоғамдық) иелік ету түрлері дегенді білдіреді.

Қазақстанда аграрлық жер иеленудің де, аграрлық жер пайдаланудың да негізі, ең алдымен географиялық орта ерекшеліктеріне байланысты қалыптасты. Қазақ жерінің далалық географиялық жағдайы мен табиғи - климаттық ерекшеліктері қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығымен айналысуына алғышарт жасады. Табиғи-географиялық факторға байланысты Қазақстанның далалы аймақтарында көшпелі мал шаруашылығынан басқа өндіріспен айналысуға мүлде алғышарт жоқ болатын. Мәселен, Қазақ жер мәселесінің тарихын зерттеп зерделеуге ерекше көңіл бөлген Телжан Шонанұлы: «Қазақ жаратылысында көшпелі деуші терең ойлы философтар, қазақ ... жерсіздіктен иә жері жамандығынан көшпей, тек көшу үшін көшіп жүр деуші бұрынғы арамза переселен мекемесінің чиновниктері, мәдениеті ілгерілеп, гүлдену үшін қалай да, қазақ отыра қалуы керек деуші ақылгөй, жанашырлар, көшпелі қазақты жоғарғы табиғат жағдайы, тұрмыс шыбыртқысы айдап, көшіріп жүргенін ескерді ме екен!» деп, қазақ қоғамының дамуында табиғи фактордың шешуші роль атқарғандығын атап көрсетеді.[1]

Қазақ даласындағы егіншілікті айтпаған күнде шөптің шығымының өзі өзендердің көктемгі жайылуы мен жауын шашынның жиілігіне тәуелді болған. Ал егер екеуі де болмаған жағдайда шөптің жақсы жетілуіне аз да болса қолайлы табиғи жағдай қалыптасуы үшін таңғы шық жеткілікті түсуі керек және ауа райы бұлтты болып тұруы қажет екен.[2] Міне, табиғат құбылыстарына тәуелділік жағдайында бұл аймақтардағы шаруашылық жүйесінде басқа таңдаудың болуы мүмкін емес-тін. Сондықтанда көшпелі мал шаруашылығы өз кезегінде жерге иелік етуде қоғамдық меншіктің орнауына себепкер болды. Көшпелі мал шаруашылығы басым дамыған аграрлық жүйеде жерге жеке меншіктің қалыптасуы да мүмкін емес еді. Өйткені, мыңдаған шақырымға созылатын көші-қон жүйесі жер иеленуде қоғамдық меншіктің оңтайлылығын негіздеді. Енді егіншілікпен айналысатын аудандарда неге жерге жеке меншік институты қалыптаспады деген заңды сұрақ тууы мүмкін. Алайда, Қазақ жеріндегі егіншілік географиялық ортаның ерекшеліктеріне байланысты негізінен суармалы егіншілік түрінде дамығаны белгілі. Ал суармалы егіншілікпен айналысу, арық өткізу, оны үнемі қадағалау және тазартып отыру бір адамның қолынан келмейтін еді. Суармалы егіншілік қауымдық еңбек пен ортақ күшті жұмылдыруды қажет етті. Және де арыққа алынатын су бастаулары мен өзендерді жеке иелікке алу қазақ халқының да, Түркістан

халықтарының да дүниетанымында жоқ ұғым. Жалпы, жартылай көшпелі және отырықшы түркі халқтарында жерге иелік ету екі бағытта дамыды: біріншісі - өңдеуге жатпайтын қолайсыз жерлер. Сондықтан мұндай жерлер ортақ иелікте болды.

Екінші бағыт бойынша құнарлы әрі өңдеуге қолайлы жерлер үшін меншік құқығы негізделді. Меншік құқығының негізгі шартына сәйкес ол жерге ие болған адам міндетті түрде оны өңдеп, өнім алуға міндетті. Дегенмен жерге иелік етудің мұндай түрі жеке меншік құқығын танымайды. Егер бұндай жерлерді иемденіп алып, оны өңдемеген жағдайда жерге иелік етушіден ол жер тартып алынып, өңдеуге ниет білдірген басқа адамға беріледі.[3] Сондықтанда Қазақстандағы аграрлық жер иелену мен оны пайдалану заңдылықтарын, жерге қатысты меншік институттарының дамуын ең алдымен географиялық орта мен табиғи-климаттық ерекшеліктерінен іздеген жөн. Өйткені, жер иелену формалары мен жерді пайдалану эволюциясы табиғи-климаттық алғышарттар мен дәстүрлі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі белгілері арқылы негізделеді. Осы тұрғыдан келгенде көшпелі қазақ қоғмы өркениетінің өзекті мәселелері бойынша зерттеулер жүргізген Н.Масанов: «Қоғам дамуының эволюциясы мен оның өзгеру үдерісінің сипаты мен бағыттары, оның өркениетінің даму деңгейі бірінші кезекте экологиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардың өзара байланысы арқылы өлшенеді. Өйткені географиялық орта қоғамның тұрмыс-тіршілігінің негізгі параметрлеріне ықпал етеді, ал материалдық өндіріс жүйесі өз кезегінде техника мен технологияларды жетілдіру арқылы қоршаған ортасына күшті әсер етіп, оны өзгеріске ұшыратады. Сол себепті зерттеушілердің алдына адамзат қоғамының кеңістіктегі заңдылықтарына алғышарт болған табиғи факторлар мен адам әрекетінің нәтижесінде географиялық ортаның өзгеріске ұшырау үдерісін объективті зерттеу міндеті қойылып отыр» деп, атап көрсеткен болатын [4].

Соған сәйкес Қазақстанның аграрлық жер иелену және оны пайдалану тарихын табиғат пен қоғамның өзара ықпалы аясында зерттеу үшін тарихи-географиялық, синхронды, кешенді, статистикалық және картографиялық зерттеу әдістерін қолдану тиімді болып табылады.

Қазақстандағы аграрлық тұрғыда жерді пайдалану біртұтас географиялық кеңістікті қамтуымен сипатталатындықтан, оның даму эволюциясын зерттеуде картографиялық әдістің маңызы ерекше. Ал тарихи географиялық зерттеу әдісі тарихи зерттеулерде қолданылатын дәстүрлі әдістердің бірі болып табылады. Себебі көшпелі мал шаруашылығы негізінде қалыптасқан Қазақстандағы аграрлық жер пайдалану ерекшеліктері бірінші кезекте табиғи-климаттық және географиялық орта факторларына тәуелді болған еді.

Еуразия даласындағы көшпелі халықтардың тарихын зерттеген Л.Н. Гумилевтің тұжырымы бойынша: «Ғұндар, түріктер және монғолдар көшпелі мал шаруашылығының негізінде тұғыры берік өзіндік тұрмыс тіршілігін, техникасын, өзіндік әдебиеті мен мемлекеттілігін қалыптастырды. Бұл халықтар үнемі қытайлықтармен тығыз байланыста болғанымен олардың не жазуы мен әлеуметтік институттарын, не әдет - ғұрыптарын қабылдамады. Көшпелілердің өзіндік этнографиялық болмысы өздерін асыраушы далалық ландшафтқа бейімделген шаруашылық жүргізу әдістерімен анықталады. Оларды өсімдік және жануарлар әлемімен бірге сол ландшафтың ажырамас бөлігі деп есептеуге болады. Сондықтанда еуразия көшпелілерінің тарихын зерттегенде бірінші кезекте олар мекендеген аймақтың табиғи ортасының тарихымен танысамыз» деп, атап көрсетеді [5]. Шын мәнінде, көшпелі халықтар географиялық ортасымен бітеқайнасып, табиғатпен үйлесімділікте өмір сүрді.

Сонымен бірге, аграрлық жер иелену мен жерді пайдаланудың эволюциясын зерттегенде синхронды және кешенді зерттеу әдістерін қолдану тиімді болып табылады. Өйткені, мұндай әдістерді қолдану нәтижесінде сапалық тұрғыда біршама толыққанды

ақпарат алынады.

Қазақ жерінің табиғи-климаттық жағдайының қаталдығы қоршаған ортаға бейімделудің әртүрлі жолдарын іздеуге мәжбүр етті. Осы тұрғыдан келгенде кеңістікті, оның ландшафттық ерекшеліктерін және сол кеңістікті мекендейтін халықтың шаруашылығын зерттеу барысында тарихи географиялық әдісті қолдану арқылы өткен дәуірлердегі шаруашылықты жүргізу тәсілдерін және оның қазіргі аумақтың аграрлық келбетіне (пейзажына) жасаған әсерін айқындауға мүмкіндік береді. Соған сәйкес тарихи географиялық зерттеу әдісінің екі бағытын атап көрсетуге болады. Біріншісі - белгілі бір тарихи дәуірдегі аграрлық жер иелену мен пайдаланудың, табиғи ландшафттың ерекшеліктерін және халықтың қоныстануы мен шаруашылықты жүргізу тәсілдеріне талдау жасауға негізделеді. Бұл бағыт бойынша халықтың қоныстануы мен олардың шаруашылықты жүргізу тәсілдерінің жетілуіне байланысты жерді пайдалану формаларының өзгеруі де есепке алынып аумақтың дамуы белгілі бір уақыт кезеңіне тәуелділікте зерттеледі.

Тарихи географиялық зерттеудің келесі бағыты аумақтың дамуын нақты тарихи уақыт кезеңінен тыс, шаруашылықтың түрлі формаларының қалыптасуы мен өзгеруіне талдау жасау арқылы жүзеге асырылады. Бұл бағыт бойынша материалдық өндірістің дамуына сәйкес белгілі бір аумақтың өзгеруіне әсер еткен факторларды сипаттауға басымдық беріледі.

Қазақ жерінің далалық аймақтары географиялық тұрғыда бірқатар табиғи-экономикалық белдеулерге бөлінген. Табиғи жағдайдың мұндай ерекшелігі турасында Телжан Шонанұлы жоғарыда аталған еңбегінде: «Кәсіптің түріне табиғат жағдайы қожа. Екіншілік - кәсіптің бір түрі. Мұның өзіне лайықты табиғаттың жағдайы керек. Қазақ жерін зерттеушілер оны топырағына, шөбіне қарай 3 белдеуге бөледі. Әуелгі белдеу Темірқазық жақта, қара топырақты, қара топыраққа жуық қара қоңыр түсті топырақты жерлер. Бұл қазақ жерінің ең асылы, ең егінге жарарлығы. Оған жалғас екінші белдеу май топырақты, боз құмақ. Бұл әуелгі топырақтай болмаса да, тары салып, мал өсіруге келеді. Бұл екі түрлі топырақ көбінесе ойылым ойылым болып араласып кетіп отырады. Ішінде басқа топырақтар да кездеседі. Үшіншісі қатқыл. Мұның арасында қалың құмдар мен сорлар көп» деп, сипаттама береді [6].

Бұл кеңістік XX ғасырға дейін антропогендік әсерге аз ұшыраған Орталық Азиядағы аса ірі субконтинент болып табылады. Дегенмен Қазақстанның бірқатар аумақтарында XIX ғ. II жартысынан бастап патшалық Ресейдің кең көлемде жүргізілген отарлық бағыттағы аграрлық саясатына байланысты табиғи ландшафттарға антропогендік фактор күшейе бастағаны белгілі. Қазақ жерін отарлауды мақсат тұтқан аграрлық саясат өз кезегінде қазақ халқының арасында жер иеленудің және табиғи игіліктерді пайдаланудың сан ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи дәстүрлерін өзгерте бастады. Жерді пайдалану нақты аумақта жүзеге асырылатын үдеріс болғандықтан, сол аймақтың аграрлық келбеті мен қоғамның дамуына тікелей әсер ететіні мәлім. Ал аграрлық жерді пайдалануды аумақтық тұрғыда ұйымдастыру дегеніміз географиялық кеңістік біріктіретін жайылымдарды, орманды, су байлығы сияқты т.б. қоршаған орта игіліктерін пайдаланудың жиынтық көрінісі болып табылады. Соған байланысты аграрлық тұрғыда жерді пайдалануға сәйкес қалыптасатын аумақтық жіктеліс бірінші кезекте географиялық кеңістіктің және сол аймақтың табиғи-климаттық жағдайымен, сондай-ақ аграрлық саясаттың ерекшеліктерімен айқындалады. Қоғам мен табиғи ортаның өзара тығыз байланысы әсіресе, көшпелі мал шаруашылығына негізделген қоғамда ерекше анық байқалады. Бұндай қоғамдағы аграрлық жер иеленудің өзіндік ерекшеліктерін бірінші кезекте географиялық ортасы мен табиғи-климаттық жағдайына байланысты қалыптасқан шаруашылықты жүргізу тәсілдері айқындайды. Көшпелі мал шаруашылығының кеңінен қолданылуына алғышарт болған шөлді-далалы-орманды аймақтарды қамтитын әртүрлі ландшафттық және табиғи-

климаттық белдеулерімен ерекшеленетін Қазақстанда жер иеленудің қоғамдық меншікке негізделуіне бірден бір себепші болған фактор болды.

Көшпелі мал шаруашылығының таралуы мен аумақтық жіктелісінде табиғи-географиялық алғышарттармен бірге әлеуметтік-экономикалық факторлар да маңызды роль атқарады. Көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыру дәстүрлі көшпелі қоғамда олардың тұрмыс-тіршілігі мен мәдениетінің ерекшеліктерімен айқындалады. Мұндай көпғасырлық тәжірибенің нәтижесінде табиғат игіліктерін пайдаланудың дәстүрлі жүйесі қалыптасқан. Бүгінгі күні көшпелі мал шаруашылығы дәстүрінің жайылымдарды пайдалануда экожүйені қайта қалпына келтірудің табиғи тетігі ретіндегі маңызы дәлелденген. Дегенмен ол дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы арқылы экожүйені қалпына келтірудің бірден бір маңызды тетігі дегенді білдірмейді, ол тек қана пайдаланылатын экожүйені сақтауға және қалпына келтіруге қажет екенін көрсетеді. Бұл қағидатты жүзеге асыру үшін жайылым оңтайлы ұйымдастырылуы керек, сонымен бірге жайылымдарды пайдаланудың жиілігі мен мерзімі қатаң бақылануы қажет. Көшпелі мал шаруашылығының дамуы табиғи жағдайларға, жайылымдардағы оттың құнарлылығы мен су ресурстарының ыңғайлы орналасуына тәуелді. Және де олар әрдайым бірін бірі толықтырып тұруы керек. Ал керісінше болған жағдайда, яғни жайылым көлемі мен оған жайылатын малдың саны арасында сәйкессіздік туындағанда экожүйедегі табиғи үйлесімділік бұзылып, жайылымның шөл далаға айналуына алып келуі әбден мүмкін. Сондықтанда ылғалдылығы төмен құрғақ аймақтардағы көшпелі мал шаруашылығына тән келеңсіз құбылыстардың бірі - ол жайылымдарды экологиялық мүмкіндіктерінен тыс пайдалану болып табылады. Оның себебі мыналарда жатыр: біріншіден, табиғи-климаттық жағдайдың тұрақсыздығы мен жиі қайталанып тұратын құрғақшылықтың салдары, екіншіден, Қазақстан жағдайындағы қатал қыс мезгілі мен «жұт» құбылысының жиі қайталануынан, үшіншіден, егіншіліктің дамуына байланысты жайылым көлемінің қысқаруынан болады. Соған байланысты көшпелі халықтардың аграрлық жер иеленуі мен табиғат игіліктерін пайдаланудағы ерекшеліктері қоршаған орта мен табиғи-климаттық жағдайға тығыз байланысты болып келеді және ондағы кез келген үйлесімсіздік көшпелі мал шаруашылығының табиғи негізінің шайқалуына алып келеді. Ғасырлар бойы көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы жоғарыда аталған экожүйенің заңдылықтарын қатаң сақтаған. Қазақтардың көші қоныны бейберекет әрі жүйесіз жүргізілмеген, оның дәлдігі мен реттілігіне ерекше мән бергені белгілі. Мәселен, Қыпшақтардың тарихын зерттеген С.М. Ақынжановтың тұжырымы бойынша XI ғ. ортасынан бастап қыпшақтардың жазда Ертіс пен Есілге, қыста оңтүстікке Сыр бойына көшіп қону жүйесі XI ғ. ортасынан бастап қалыптасқан [7]. Бұл жүйенің XIX ғасырдың соңына дейін, яғни орыс шаруаларын Қазақ жеріне қоныс аудару саясаты күшейгенге дейін қатаң сақталып келгені мәлім-тін.

Тарихи географиялық әдіс сонымен бірге әлеуметтік ортаның мәдениетін зерттеумен де тығыз байланысты. Тарихи дамудың барлық кезеңдерінде мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі ол қоғам мен қоршаған ортаның өзара қатынасы жүйесі болғаны белгілі, яғни экологиялық мәдениеттің қалыптасуы болып табылады. Экологиялық мәдениет, ол – тарихи ұғым, өйткені табиғат пен қоғамның өзара байланысы тарихтың негізінде қалыптасады. Ал кез келген халықтың экологиялық мәдениетінің қалыптасуы, оның дамуы мен өзгеріске ұшырауы әркелкі жүреді. Мысалы, Қазақстанда патшалық Ресей мен кеңес үкіметі жүзеге асырған отарлық аграрлық саясаты барысында экономикалық жүйе негіздері күшпен өзгертіліп, шаруашылықтың басқа түрлері енгізілгені белгілі. Олар өз кезегінде қазақтардың дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығын алмастыра бастаған-ды. Әсіресе, бұл процесс кеңестік дәуірдегі жаппай күштеп ұжымдастыру, тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты кезінде жедел жүзеге асырылды. Міне, осындай тарихи өзгерістер нәтижесінде қазақ жерінің аграрлық келбеті

мен қазақ қоғамының әлеуметтік - экономикалық құрылымы түбегейлі өзгертілген еді. Міне, сол себепті де Қазақстанда жер иеленудің мәселелері бойынша зерттеулерде тарихи географиялық әдісті қолдану көшпелі мал шаруашылығының эволюциясы, оның ерекшеліктері мен экологиялық маңызы туралы мәліметтер беріп, оны дамытудың басым бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры.- Алматы: «Санат», 1995.- 224 бет (113-114 б.)
2. ҚР ОММ 427-қор, 1-тізбе, 43-іс, 9-парақ
3. ҚР ОММ 318-қор, 1-тізбе, 72-іс, 27-37 парақтар
4. Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества.-А.:«Социнвест»-М.:«Горизонт», 1995.- 320 с. (С. 3)
5. Гумилев Л. Этносфера: история людей и история природы.-М:2004.-575с.(142)
6. Шонанұлы Т. Жер тағдыры - ел тағдыры.- Алматы: «Санат», 1995.- 224 бет (110-111 б.)
7. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана.- Алматы: «Ғылым», 1999. - С. 248